

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
экологиялық таза көлікті танымал ету және электромобильдерге
арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
жобасы және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы кодексіне толықтыру енгізу туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының жобасы жөнінде
ҚОРЫТЫНДЫ**

Осы заң жобаларын ҚР Парламентінің депутаттары Е.Абақанов, М.Ахметов, Ғ. Елеуов, Е. Жаңбыршин, А. Қожахметов, С. Мұсабаев, Ә. Сқақова әзірлеген.

Заң жобаларының реттеу мәні Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы Париж негіздемелік конвенциясын ҚР 2016 жылғы 4 қарашадағы №20 - VI Заңмен ратификациялай отырып, атмосферадағы көмірқышқыл газын төмендету жөніндегі халықаралық күрес жүйесінің субъектісі болып табылады, оған сәйкес Қазақстан 2030 жылға қарай CO₂ шығарындыларының деңгейін 386 млн.тоннаға арттырмауға **міндеттеме алды**.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын іске асыру бағыттарының бірі электромобильдер мен газ отынымен жүретін автомобильдер үшін көліктің баламалы түрлерін және тиісті инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық таза көлікті танымал ету және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар Жұмыс тобы шеңберінде электр жанармай құю станциялары желісінің Ұлттық әкімшісін (*бұдан әрі - Ұлттық әкімші*) құруды және электромобилизмді дамытуды, оның ішінде мынадай өкілеттіктермен құруды ұсынады:

- электр жанармай құю станцияларының желілерін басқару бойынша бірыңғай сервер құру және ұстау;

- Қазақстан Республикасының аумағында батареяларды кәдеге жарату жөніндегі кәсіпорындарды оқшаулау жолымен электромобильдердің батареяларын кәдеге жаратуды ұйымдастыру және оларға жәрдемдесу;

- Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобаларды басқару;

- мемлекеттік органдарға және жалпыға ортақ пайдаланылатын, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол органымен келісім бойынша, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда электр жанармай құю станцияларын орнату;

- Ұлттық әкімші белгілеген электр жанармай құю станцияларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- электромобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясының қызметін жүзеге асыруға арнайы рұқсат беруді келісу;

- электр жанармай құю станцияларын орнату үшін техникалық шарттар беру («Автомобиль көлігі туралы» 04.07.2003 ж. Қазақстан Республикасының Заңын Ұлттық әкімшіге қатысты ұғыммен және 7-тараумен толықтыру).

Осыған байланысты мұндай түзетулер бәсекелестікті дамытуға, монополистік қызметті шектеуге және мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын қысқартуға бағытталған мемлекет саясатына сай келмейтінін атап өтеміз.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауында экономиканы одан ары монополиясыздандыру үшін **нақты институционалдық шешімдер қабылдау қажет деп атап өтті.** Қазір жұмыс істеп тұрған операторларды бәсекелі ортаға беру қажет немесе монополист деп танып, қызметін монополияға қарсы арнаулы құқық аясында реттеу керектігін ұсынды.

Ағымдағы жылдың 20 сәуірінде ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы М.Омаров Еуразиялық монополияға қарсы форумда сөз сөйлеп, экономиканы монополиядан арылтуға, әділдік пен адал бәсекелестікті қалпына келтіруге кедергі келтіретін **мемлекеттік монополияның теріс үрдісі байқалып отырғанын** атап өтті.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабына сәйкес мемлекет кәсіпкерлік қызметке осы бапта шектелген мына жағдайларда:

1) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе қоғам мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмаған;

2) мемлекеттік меншіктегі стратегиялық объектілер пайдаланылған және күтіп-ұсталған;

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызмет жүзеге асырылған;

4) тиісті тауар нарығында бәсекелестік болмаған не оның даму деңгейі төмен болған;

5) қызметті бұрын құрылған мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын жағдайларда қатысады.

Осылайша, Ұлттық әкімшіні құру, біздің ойымызша, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу жағдайларына жатпайды.

Ұлттық әкімшіге келесі:

- электр жанармай құю станцияларының желілерін басқару бойынша бірыңғай сервер құру және ұстау;

- Қазақстан Республикасының аумағында **батареяларды кәдеге жарату жөніндегі кәсіпорындарды оқшаулау** жолымен электромобильдердің батареяларын кәдеге жаратуды ұйымдастыру және оларға жәрдемдесу;

- электромобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясының қызметін жүзеге асыруға **арнайы рұқсат беруді** келісу;

- электр жанармай құю станцияларын орнату үшін **техникалық шарттар беру** өкілеттіктерін беру - Ұлттық әкімшінің монополиялық жағдайы және оған мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін беру ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (*жарғылық капиталға қатысу үлестерінің*) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызметтердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Осылайша, Ұлттық әкімшіні құру және оған жоғарыда аталған өкілеттіктер беру адал бәсекелестік пен мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысу қағидаттарына қайшы келеді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 8-бабына сәйкес «бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсетуге бағытталған қызметке, жосықсыз бәсекелестікке **тыйым салынады**».

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 21-бабына сәйкес:

«1. Мемлекет кәсіпкерлік қызметке осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелген шекте қатысады.

2. Мемлекет жеке кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту мақсатында **мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу үлесін кәсіпкерлік саласында** мемлекеттік заңды тұлғалар, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар құруды шектеу арқылы қысқартуға **бағытталған** шараларды қолданады.

3. Монополияға қарсы реттеу бәсекелестікті қорғау, тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау, экономикалық кеңістіктің біртұтастығын, Қазақстан Республикасында тауарлардың еркін өткізілуін және экономикалық қызметтің еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.».

Мемлекет тауарларды бәсекелестік нарықта өткізу конституциялық құрылыстың, ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, халықтың денсаулығын сақтаудың жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін қызмет салаларында тауарды өндіруге және (немесе) сатуға, сатып алуға немесе оны пайдалануға мемлекеттің айрықша құқығын заңмен бекіту не нарық субъектісіне заңмен арнайы құқық беру арқылы бәсекелестікті шектеуге құқылы (*Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабының 2-тармағы*).

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына депутаттар ұсынып отырған түзетулерге назар салайық.

Заң жобасында (*«Жол жүрісі туралы» 17.04.2014ж.Заңының 42-1-бабының 4-тармағының үшінші бөлігі*) *электромобильдердің меншік иелеріне ақысыз орынтұраққа қою құқығын беру көзделген.*

Біз мұндай басым жағдайды автокөлік иелері арасындағы теңдік қағидатын бұзу деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1-тармағына сәйкес «Барлығы заң мен сот алдында тең».

Осыған байланысты жобаның бұл нормасы, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы Конституциясының нормасына қайшы келеді.

2. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша ескертулер жоқ.